**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 376 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 990 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 376 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 004 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 990 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 376 қаулысымен бекітілген

**004 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі**

---

Р/с| Жобаның атауы |Техникалық-экономикалық

| N | | негіздемелерін әзірлеу және оларға мемлекеттік сараптама жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| **Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі** | | |
| 1 | "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" зымыран-ғарыш кешенін құру | 23 850 |
| 2 | Көкшетау қаласы арқылы Астана - Петропавл автомобиль жолының ұзақтығы 223 км (7-230) "Астана - Бурабай" учаскесін қайта жаңарту (төрт жолақты қозғалысы бар I техникалық санатқа көшіру) | 2 250 |
| **Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі** | | |
| 3 | "Курчатов қаласында Ядролық технологиялар орталығы" технопаркін құру | 49 000 |
| 4 | Ядролық медицина және биофизика орталығын құру | 38 000 |
| **Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі** | | |
| 5 | Астана қаласында 500 төсекке арналған Республикалық ана мен бала ғылыми орталығын салу | 36 713 |
| 6 | Қазақстан Республикасының Туберкулез проблемалары ұлттық орталығының жанында Ұлттық референц зертханасын салу | 1 500 |

7 Астана қаласында 220 төсекке арналған Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығын салу 24 000

8 Астана қаласында ауысымда 500 адам қабылдайтын диагностикалық орталық салу 9 000

---

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі**

---

9 Астана қаласында ішкі әскерлердің тұрғын үйі бар үлгілік әскери қалашығын салу 9 880

10 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің әскери және әдістемелік даярлығы оқу орталығын салу 1 320

---

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

---

11 Алматы қаласында көру қабілеті бұзылған (зағип) балалар үшін 250 орынға арналған мамандандырылған мектеп-интернат салу (қайта жаңғырту) 5 000

12 Қарағанды қаласында көру қабілеті бұзылған (зағип) балалар үшін 250 орынға арналған мамандандырылған мектеп-интернат салу 5 000

13 Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті үшін кітапхана салу 11 500

---

**Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі**

---

14 Жерасты суларының авиациялық керосинмен ластануын жою (Семей қаласы) 2 500

---

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі**

---

15 Өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық ресурстарының ұлттық қоймасын салу 3 677

| | | |
|---|---|---|
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм алқабының III және IV кезегін игеру | 35 000 |
| 17 | Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау | 345 |
| 18 | Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру | 345 |

**Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі**

| | | |
|---|---|---|
| 19 | Алматы қаласында халықаралық қаржы орталығын құру | 26 410 |

**Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы**

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Министрліктер үйін салу | 10 000 |

Жиыны: 295 290

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК